



Молдакаримов Болат Молдакаримович

Молдакаримов Болат 1947 жылы 17 қазанда Павлодар облысы, Лебяжі аудан, Казантай ауылында дүниеге келген.

1965 жылы Лебяжі орта мектебін бітіргеннен кейін Павлодар қаласындағы педагогикалық институттың физкультура факультетінде оқыған.

1966–1970 жылдары аралығында жоғары білім алып, дене тәрбиесі мұғалімі болып шығады. Еңбек жолын Шарбақты орта мектебінде бастап, осы мектепте үздіксіз 44 жыл ұстаздық етеді.

Осы уақыт ішінде көптеген шәкірттер тәрбиелеп, жетістіктерге жеткізді. Жасөспірімдер спорт мектебінің филиалында жаттықтырушы болып, күрескерлер дайындады. Шәкірттері Қазақстанда өткен жарыстарға және Ресейдің Барнаул, Новосибирск қалаларында өткен жарыстарға әр кезеңдерде қатысып, жүлделі орындар иеленген.

Көп жылғы еңбектері үшін бірнеше рет құрмет грамоталарымен және «Ағарту ісінің үздігі» кеуде белгісімен (1989 ж.) марапатталған.

2007 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің дене тәрбиесі ұлттық ғылыми-практикалық орталығының құрмет грамотасымен марапатталды.

2008 жылы спорттың ізбасарларын даярлауға және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қосқан үлесі үшін Төсбелгімен марапатталды.

2011 жылы Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» атағы берілді. 2014 жылы 14 маусымда өмірден өтті.